

Г.Ө. Насимова* , А.К. Жунусова ,

Ж.А. Басығариева , М.М. Бузуртанова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: gulnar.nasimova@kaznu.kz

«САЯСАТТАНУ» КУРСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ: БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақала саясаттану курсының бакалавриат студенттерінің саяси қызығушылығы мен саяси қатысуына әсерін зерттеуге арналған. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – саясаттану курсын оқытудың неғұрлым тиімді және студенттердің саяси белсенділігі мен субъектілігін арттыратын әдістерін салыстыру. Сондықтан авторлар студенттердің саяси ақпараттануы мен олардың саяси және азаматтық іс-әрекеттерге қатысуын, саяси тиімділік тұрғысынан өзін-өзі бағалауын, оқыту тәсілін қабылдауын және «Саясаттану» курсына қызығушылығын талдады. Осы мақсатта бақылау, оқу-әдістемелік материалдарды талдау, анкеталық сауалнама және фокус-топтық талқылау сияқты әдістер қолданылды. Сауалнамаға 220 студент қатысты. Авторлар сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер студенттердің саяси белсенділігіне әртүрлі әсер етеді деген қорытындыға келді. Қатысу мен саяси субъектілікке, ең алдымен, симуляциялық және пікірталастық әдістер көбірек әсер етеді. Сонымен қатар саяси қатысудың жаңа цифрлық формаларының дамуы барысында дәстүрлі дәрістерге қарағанда пікірталастар мен симуляциялар тиімдірек болып табылады.

Тәжірибелік маңыздылығы – саясаттану бойынша оқу бағдарламалары мен әдістемелік материалдарды одан әрі жетілдіруде зерттеу қорытындыларын қолдану мүмкіндігінде. Аталмыш мақалада ұсынылған нәтижелерді білім беру бағдарламаларын өңдеуші оқытушылар жастардың саналы түрде саяси қатысуын ынталандыратын оқытудың тиімді стратегияларын таңдауда пайдалана алады.

Түйін сөздер: саяси қатысу, студенттер, саясаттану, саяси белсенділік, педагогикалық әдістер.

G. Nassimova*, A. Zhunussova, Zh. Bassygariyeva, M. Buzurtanova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: gulnar.nasimova@kaznu.kz

The Impact of the Political Science Course on Students' Political Activity: A Comparative Analysis of Teaching Methods

This article is devoted to examining the impact of political science courses on bachelor students' political engagement and participation. The main objective of this study is to compare which teaching method in political science is most effective in enhancing students' political activity and agency. Therefore, the authors analyze students' political awareness, their involvement in political and civic activities, self-assessment of political efficacy, perceptions of teaching approaches, and engagement with the course. To achieve this, methods such as observation, analysis of instructional materials, surveys, and focus group discussions were employed. 220 students participated in the survey. The authors conclude that the teaching methods used in class have varying effects on students' political activity. Simulation and discussion-based methods have the greatest impact on students' engagement and political agency. Furthermore, discussions and simulations prove to be more effective than traditional lectures in fostering new digital forms of political participation.

The results of the study have considerable practical significance as they may facilitate further improvement of educational programs on political science and the teaching materials. The findings presented in this article can be used by education professionals while developing curricular and syllabi helping them to choose the most effective teaching strategies that would stimulate political participation of students.

Keywords: political participation, students, political science, political activity, teaching methods.

Г.О. Насимова*, А.К. Жунусова, Ж.А. Басығариева, М.М. Бузуртанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: gulnar.nasimova@kaznu.kz

Влияние курса «Политология» на политическую активность студентов: сравнительный анализ методов обучения

Статья посвящена изучению влияния курса политологии на политическую вовлечённость и политическое участие студентов-бакалавров. Цель статьи – сравнить какие методы преподавания курса политологии являются наиболее эффективными и повышающими политическую активность и субъектность студентов. Авторы проанализировали степень политической информированности студентов и их участие в политических и гражданских формах активности, а также оценку студентами их политической эффективности, восприятие преподавательского подхода и вовлечённости в курс политологии. Для этого были использованы такие методы как: наблюдение, анализ учебно-методического материала, анкетный опрос и фокус-групповые дискуссии. В опросе участвовало 220 студентов. Авторы приходят к выводу, что методы, использующиеся на занятиях, имеют разное влияние на политическую активность студентов. Наибольшее воздействие на вовлечённость и политическую субъектность оказывают прежде всего симуляционные и дискуссионные методы. Помимо этого, дискуссии и симуляции оказываются более эффективны по сравнению с традиционными лекциями в развитии новых цифровых форм политического участия.

Практическая значимость состоит в возможности применения результатов при дальнейшем совершенствовании учебных программ и методических материалов по политологии. Выводы, представленные в данной статье, могут быть использованы преподавателями – разработчиками образовательных программ в выборе эффективных стратегий обучения, стимулирующих осознанное политическое участие молодежи.

Ключевые слова: политическое участие, студенты, политология, политическая активность, педагогические методы.

Кіріспе

Бұл мақала шеңберінде университетте студенттердің саяси әлеуметтену әдістерінің бірі – «Әлеуметтік-саяси білімдер модулі – Саясаттану» пәнін оқу барысын қарастырамыз. Бүгінгі таңда студенттердің қоғамдық және саяси өмірдегі рөліне аса мән берілмейді, ал көптеген әлеуметтік, медиа және басқа да дискурстарда студенттерге қабылданған шаралардың «объектісі», «адресаты» немесе кез келген әрекеттің «ресурсы» ретінде қарастырылады. Алайда, студентті саясаттың объектісі ретінде емес, субъектісі ретінде қарастырып, студенттерді саяси қызметке қатысуға, әлеуметтік жұмылдыруға қабілетті қоғамдық және саяси мүдделердің тасымалдаушысы ретінде мойындаудың маңыздылығын ескеру керек.

Бұл тақырыптың өзектілігі басқа әлеуметтік топтарға қарағанда студенттік жастардың саяси белсенділігінің әлдеқайда төмен екендігін көрсететін әртүрлі зерттеулердің нәтижелерімен де байланысты. Сондықтан біз, бұл үрдістің себептері мен студенттік пассивтіліктің немен байланысты екендігін түсінуге ұмтыламыз.

Осылайша, бұл зерттеу мен мақаланың негізгі мақсаты – «Саясаттану» пәнінің студент-

тердің болашақ өміріндегі саяси мінез-құлқына әсер ету әдістерінің тиімділігін зерттеу болып табылады.

Зерттеудің гипотезасы – саясаттануды оқытудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану оқытудың тек дәстүрлі түрлерін қолдануға қарағанда, болашақта жастардың саяси өмірге белсенді араласуына ықпал етеді. Бұл гипотезаны тексеру үшін біз бақылау, оқу-әдістемелік материалдарды талдау, анкеталық сауалнама және фокус-топтық талқылауларды қамтитын аралас тәсілді қолданамыз.

Аталмыш зерттеуде біз келесі зерттеу сұрақтарын қойдық:

- Қандай оқыту әдісі студенттер арасында саяси қатысудың жоғары деңгейіне ықпал етеді?
- Саяси қатысу формалары оқыту әдістеріне байланысты ма?
- Саясаттануды оқытудың қандай әдістері жастардың саяси субъектілігіне әсер етеді?

Зерттеу пәнаралық сипатта және бір жағынан, студенттерді оқытуда қандай педагогикалық әдістер тиімдірек екеніне назар аударса, екінші жағынан, студенттердің саяси әлеуметтенуі мен саяси қатысу мәселелерін қарастырады.

Бұл мақалада Қазақстандағы “Саясаттану” пәнін оқыту мен оның саяси белсенділікке әсе-

рін зерттеуге алғаш болып ерекше назардың аударылуы – зерттеудің негізгі жаңалығы болып табылады. Бұл курсты жетілдіру мен оның тиімділігін арттыру үшін де, азаматтық қоғамды дамыту үшін де тәжірибелік мәнге ие.

Әдебиеттерге шолу

Университеттер ашылғаннан бері студенттер әртүрлі қозғалыстар мен саяси үдерістерге қатысу үшін жұмылуға қабілетті қоғамның бір бөлігіне айналды (Томас, 1977). XX ғ. дейін және XX ғ. басында студенттер наразылықтық және революциялық топтардың бір бөлігіне айналды, содан кейін тарихта ерекше жарқын түрде студенттердің наразылықтары мен қозғалыстары 1960-1970 жылдары азиялық та, еуропалық та елдерде көрініс тапты. Бұған, 1968 жылғы мамыр оқиғаларына қатысқан Франциядағы студенттердің наразылық қауымдастығы, 1968-1970 жылдардағы Вьетнамдағы соғысқа қарсы АҚШ студенттерінің қозғалысы, Жапониядағы «жаңа солшылдар» және т.б. мысал бола алады. XXI ғасырда студенттер әртүрлі елдердегі режимдерге қарсы наразылық топтарының бір бөлігіне айналады, бұны Қазақстан тарихында болған 1986 жылғы тәуелсіздік үшін көтерілістен де, Араб көктемі кезінен де, одан кейінгі кездердегі де қозғалыстардан да байқауға болады.

Осылайша, студенттік жастар, азаматтық қоғам шеңберінде де, қоғамның наразылық бөлігінде де өзін көрсете алатын, сондай-ақ, сайлауда электорат, ақпараттық іс-шараларға бастамашы бола алатын, және саяси өмірге интеграциялану, әлеуметтік және саяси бірегейлікті қалыптастыру, өзіндік саяси бағдарды табу және таңдау жолында бола отырып, саясаттың толыққанды қатысушысы болудың барлық мүмкіндіктерін пайдаланатын маңызды әлеуметтік-саяси топ болып табылады.

Қазіргі кезде студенттер қауымдастығы ғылымда саясаттың субъектісі ретінде көбірек қарастырылуда, өйткені, заманауи мүмкіндіктердің арқасында жастардың саясатқа қатысуының көптеген түрлері дамыған.

Бірқатар зерттеулер студент жастардың, олардың көзқарастары мен саяси қатысудың жалпы формаларының басқа, үлкен жастағы топтардан қалай ерекшеленетініне назар аударады. Сөзсіз, бұл айырмашылықтар, хабардар болу, саяси ұстанымдар, сондай-ақ, саяси мінез-құлықтағы өзгешеліктерден (Уейс, 2020) және

әлеуметтік капиталдың әсерінен (Тэней&Хэнкюнет, 2012) көрінеді.

Қазіргі кезде интернеттің, әлеуметтік медианың және әлеуметтік желілердің әсері артып келеді (Заэр, 2016), бұл, өз кезегінде, әртүрлі топтардың саяси белсенділігіндегі айырмашылықтардан да көрінеді (Кэмпбэлл, 2013), саяси қатысудың жаңа онлайн формалары үнемі кеңейіп келеді (Йанг & ДиХарт, 2016), және цифрлық дағдыларын жоғары деңгейде меңгерген жастар ақпараттық ортаға тиімді ықпал ету, белгілі бір әлеуметтік-саяси трендтерді анықтау, саяси қолдау көрсету және дауыс беру, өздерінің саяси қалаулары мен наразылықтарын білдіруге қабілетті.

Сондықтан жастардың саяси белсенділігін зерттеу, қазіргі таңда не нәрсеге назар аудару керектігін және азаматтық қоғамның келешегі қандай болатындығын түсіну үшін өзекті болып табылады.

Университет ортасында әлеуметтену үдерісінен өтіп, қоғамдық және саяси белсенділікте тәжірибе мен дағдыларға ие болып, мәдени құндылықтармен танысатын студенттерді зерттеу ерекше қызығушылық тудырады (Джемна & Кьюлару, 2010). Осыған байланысты, олардың саяси араласуы мен белсенділігіне немесе керісінше енжарлықтарына не әсер ететінін түсіну маңызды. Бұған көптеген факторларды атап өтуге болатынына қарамастан (Лопэз, Бэнтон, & Клэвер, 2009), біз нақты университетте білім алу, атап айтқанда, әртүрлі мамандықтардағы (білім беру бағдарламаларындағы) білім алушыларды саясатпен таныстыруға арналған академиялық курсты оқу студенттерге қалай әсер ететініне назар аударамыз.

Ғылыми әдебиеттер осы зерттеуге негіз ретінде келесі тұжырымдамалар мен теорияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Біріншіден, бұл саяси әлеуметтену құбылысына арналған зерттеулер (Лэнгтон, Дженнингс, 1968; Орум, 1973). Әлеуметтену теориясы тұлғалардың саяси құндылықтар мен нормаларды қалай меңгеретінін және әлеуметтену институттары ары қарай азаматтардың саяси мінез-құлқын қалай қалыптастыратынын түсіндіреді. Сондықтан, тұтастай университет ортасын, оның жасайтын білім беру жағдайларын зерттеуді біз, ең алдымен, әлеуметтену институты ретінде қарастырамыз.

Екіншіден, білім деңгейінің саяси қатысуға, саяси білімге және белсенділікке қалай әсер ететінін түсіндіре алатын бірқатар теориялар бар

(Бомонт, Колби, Эрлих & Торни-Пурта, 2006). Мысалы, азаматтық волонтаризм (CVM) теориясына сәйкес (Кирбиш, Флере, Фриш, Крайнци, Цупар, 2017) ресурстар, саяси қызығушылық пен бірегейлік саяси мінез-құлыққа әсер етеді. Осылайша, білім, саяси белсенді азаматтардың сүйенетін ресурсы мен артықшылығы бола алады. Сонымен қатар, студенттер өз қызығушылықтары мен бірегейлігі бар топ ретінде әрекет ете алады, бірақ олардың қалай қалыптасып, жүзеге асуы олардың білім алуларына байланысты. Сондықтан мұндай әсер етудің ерекшеліктерін жақсы түсіну үшін білім беру сапасын тереңірек зерттеу қажет, осыған байланысты, оқу саласы бойынша ортаға кіріктіретін және көбірек қатыстыратын интерактивті әдістерді тиімдірек деп болжайтын белсенді оқыту теориясы (Виллек, Мендельберг, 2022) қызығушылық тудырады. Сыни педагогика тұрғысынан (Чо, 2010) білім алу білім алушының өзіндік ұстанымының қалыптасуына да әсер етеді (Келлнер, Ким, 2010). Саяси сауаттылық бойынша білім берудің қажетті факторлары (Леви, Акива, 2019) ретіндегі дағдыларды, саяси қатысудың өзіндік тиімділігін және өзін-өзі бағалауды (Солхауг, 2006) қолдануды анықтайтын сабақ барысындағы мотивациялық ортаның да маңызы зор. Аталмыш мақала, сонымен қатар, білім берудің саяси санаға әсер ету механизмдерінің бірін, соның ішінде, саясаттануды оқытудың әртүрлі әдістерін зерттеу және салыстыру арқылы түсінуге тырысады.

Үшіншіден, біз, студенттердің саяси белсенділіктің қандай формаларын таңдайтынын және оған университеттегі оқытудың қалай әсер ететінін түсінуге мүдделіміз (Кам, Палмер, 2008; Мэннинг, Эдвардс, 2014). Сонымен, саяси қатысу дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларда, конвенционалды және конвенционалды емес, заманауи цифрлық және т.б. формаларда көрініс табуы мүмкін. Қатысудың белгілі бір формаларына бейім болу саясаттануды оқыту әдістеріне байланысты ма? Сабақта дәріс оқығанда, пікірталастарды және симуляцияларды ұйымдастыруда ол ерекшелене ме?

Қазақстанда педагогикалық әдістер мен оқытудың жаңа технологияларының білім алушылардың әлеуметтенуіне және олардың қазіргі заман талабына сай біліктілігін арттыруға ықпалын Әлғожаева Н., Жұмабекова Қ. (2021), Катаев Н., Еркінқызы А. (2021), Мыңбаева А. (2022), Садықова А., Исмаилова Г., Исакова М., Нұртазина Н. (2024) және т.б. зерттейді, соны-

мен қатар саясаттану пәнін оқытудың әдістеріне арналған «Инновационные технологии в преподавании политических дисциплин» атты саясаттану және саяси технологиялар еңбегі (Насимова Г.О. және т.б., 2012, 2013) және т.б. бар.

Алайда, өкінішке орай, «Саясаттану» пәнінің саяси қатысумен, саяси белсенділікпен байланысы мәселесі өте аз зерттелген. Сол себепті бұл тақырыпты көтеру маңызды болып табылады.

Педагогикалық тәсілдерді де, саяси теорияларды да талдай және жалпылай келе, біз, келесі индикаторлар: саяси ақпараттану деңгейі, саяси және азаматтық белсенділік түрлеріне қатысу жиілігі, саяси тиімділікті өзіндік бағалау, оқытушының тәсілін қабылдау және курсқа қызығушылық білдіру зерттеуіміздің негізі болып табылатыны туралы қорытындыға келеміз.

Зерттеу әдістері

Мақалада аралас тәсіл қолданылады: оқу-әдістемелік материалды бақылау және талдау, анкеталық сауалнама және фокус-топтық талқылау. Мәліметтер ЖТН АР23488744 «Қазақстандағы саяси қатысу: динамикасы және кеңейту мүмкіндіктері» атты зерттеу жобасы аясында 2024-2025 жылдар аралығында жиналды. 2024 жылы жинақталған жобаның сандық нәтижелері Қазақстандағы студенттер мен олардың саяси қатысу ерекшеліктері туралы жалпы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Бірінші кезең, бұл – «Саясаттану» пәнін әртүрлі мамандықта оқитын студенттерінің легінде дәріс жүргізетін оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендерін бақылау және талдау әдісі. Дәрістерге қатысу барысында сабақ форматына, аудиториядағы атмосфераға және оның студенттердің тақырыпты талқылауға қатысуы ықпалына бақылау жүргізілді. Тақырыптарды, қолданылатын оқыту әдістерін және оның тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың көлемін анықтауға көмектесетін силлабустарды талдау өте маңызды құжат болып табылады. Академиялық жыл барысында бұл мәліметтер бақылау күнделігіне енгізілді. Бұл әдіс қалыптасқан білім беру ортасының студенттердің саяси субъектілігіне, олардың қоғамдағы және саяси жүйедегі орнын сезінуіне қаншалықты әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді.

Екінші кезең, университеттегі басқа да білім беру бағдарламаларында оқитын студенттерге саясаттану курсының тікелей қандай әсері бар

екендігін талдау үшін анонимді онлайн-сауалнама жүргізу болды. Зерттеуге міндетті болып табылатын пәндердің шеңберіндегі «Саясаттану» пәнін оқитын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 220 студенті қатысты. Әлеуметтік-гуманитарлық факультеттермен қатар, техникалық және жаратылыстану факультеттерінің студенттеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары келесі бөлімдерді қамтыды: жалпы ақпарат, саяси қызығушылық пен қатысу тәжірибесі, саяси тиімділікті өзіндік бағалау, «Саясаттану» курсы қабылдау. Осылайша, сауалнама саясаттану пәнінің қалай жүргізілгенін, курс барысында қандай оқыту әдістері қолданылғанын, студенттер оны қалай бағалайтынын, жаңа білімнің студенттердің саяси қызығушылығы мен қатысуына әсер еткендігін немесе әсер етпегендігін анықтауға бағытталған.

Үшінші кезең, фокус-топтық талқылауды ұйымдастыру арқылы жүзеге асты. Құнды нәтиже ретінде, өткен оқу жылында «Саясаттану» пәнін оқыған студенттермен офлайн форматында өткізген 8 фокус-топтық талқылау мәліметтерін атауға болады. Бұндай іріктеме елдің саяси өміріне араласуға курстың әсер ету деңгейін тереңірек анықтауға мүмкіндік берді, өйткені студенттер курстан өткен соң, бір жылдан кейін «Саясаттану» пәнін оқу тәжірибесін объективті түрде бағалай алады.

Бұл ретте саясаттануды негізінен дәстүрлі әдістер арқылы оқыған респонденттер топтары интерактивті педагогикалық тәсілдер басым қолданылған студенттер топтарынан бөлек қарастырылды. Мұндай жіктеу білім алушылардың қызығушылық деңгейіндегі, сыни ойлау қабілетіндегі, сондай-ақ алынған білімді тәжірибеде қолдана білуіндегі айырмашылықтарды талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижесінде талқылауға деректер туралы ғылым, филология, заң, философия, психология, құқық, экономика, медицина мамандықтарында оқитын саясаттану пәні бойынша үлгерім деңгейі әртүрлі респонденттер қатысты.

Аталмыш мақалада біз келесідей сұрақтарға берілген жауаптар негізіндегі мәліметтерді пайдаландық:

Сіздердің ойларыңызша, саясаттану курсынан өткеннен кейін саясатқа, қоғамдық немесе мемлекеттік істерге деген жеке қызығушылығыңыз өзгерді ме? Сабақ барысында өзіңізді белсенді қатысушы ретінде қай кезде сезіндіңіз, ал қай кезде көбінесе белсенді емес тыңдаушы ретінде қалдыңыз? Сабақ барысында рөлдік ойындарға қатысу сіздің саяси үдерістерді түсінуіңізге әсер етті ме? Саяси шешімдердің қалай қабылданатыны, немесе сіз ойнаған рөл кейіпкерінің іс-әрекеті сізге түсінікті бола түсті ме? Сіз үшін қоғамдық-саяси өмірге қатысудың қай түрлері неғұрлым қолайлы немесе қызықты болып көрінеді? Қазір қоғамның саяси өміріндегі өз рөліңізді қалай бағалайсыз? Бізді студенттердің «өз-өздерін «саяси субъект», яғни қоғамдық-саяси үдерістерге белгілі бір деңгейде ықпал ете алатын адам ретінде көре ме?» деген сауалға жауап алу қызықтырды. Бұл сезім сізде курс басталғанға дейінгі жағдаймен салыстырғанда өзгерді ме?

Студенттердің пікірлерін талдау және интерпретациялау бізге болашақта білім беруді жетілдіру бойынша белгілі бір ұсыныстарды өңдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бүгінгі таңдағы саяси қатысудың жаңа формалары (цифрлық қатысу және т.б.) белең алып жатқан уақытта, жаңа технологияларды қолданатын студенттер арасында бұндай зерттеу жүргізу өте маңызды.

Нәтижелер мен талқылаулар

2024 жылы Әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы «Стратегиямен» бірлесіп жүргізілген сауалнама бойынша сандық зерттеулер жалпы респонденттер жиынтығынан қарағанда студенттердің саяси қатысу ерекшеліктері мен үрдістерінің айырмашылығын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы бұл әлеуметтік топ өз өміріне де, ел жағдайына да қатысты неғұрлым оптимистік көзқарасымен ерекшеленеді, билікті қолдау деңгейі жоғары, алайда саясатқа деген қызығушылық деңгейі басқа әлеуметтік топтарға қарағанда төменірек.

1-кесте – 2024 жылғы сандық зерттеу нәтижелері. Студенттерді жалпы іріктеумен салыстыру (N=2479, оның ішінде 124 студент)

	2024
Өмірге қанағаттану және әлеуметтік оптимизм	Студенттердің 37,1%-ы өз отбасының экономикалық жағдайын «өте жақсы» және «жақсы» деп бағаласа, 50%-ы оны «орташа» деңгейде деп сипаттады. Ал ел бойынша бұл көрсеткіштер сәйкесінше 29,6% және 52,8%-ды құрады. Студенттердің 53,2%-ы бір жылдан кейінгі өмір сүру деңгейі «айтарлықтай жақсарады» немесе «біршама жақсарады» деп санайды, бұл бүкіл іріктеме (36,6%) мен басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда жоғары болып табылады. Студенттердің өмірге қанағаттануы жоғары деңгейді көрсетті – 72,6%, бұл барлық респонденттер арасындағы көрсеткіштен (57,7%) едәуір артық. Егер ел бойынша респонденттердің 22,4%-ы экономикалық жағдайды «өте жақсы» және «жақсы» деп бағаласа, студенттер арасында бұл көрсеткіш 31,4%-ды құрады. Студенттердің 32,3%-ы алдағы бір жыл ішінде экономикалық жағдай жақсарады деп есептейді, ал жалпы респонденттер арасында бұл пікірді 22,1% қолдаған.
Билікті қолдау және өзгерісті талап ету	Студенттер арасында барлық мемлекеттік органдарды қолдау көрсеткіші жоғары (87,2% Президентті, 70,1% Парламентті, 62,7% Үкіметті қолдайды), бұл бүкіл іріктеу бойынша жоғарырақ көрсеткіш. Студенттердің 45,2%-ы жалпы елдегі жағдайға қанағаттанады, ал белгілі бір салалар өзгерістерді қажет етеді деп есептейді, дегенмен 10,5%-ы жағдайдың сол күйінде қалғанына мүдделі (бүкіл іріктеу бойынша бұл жауап нұсқасы 5,2%). Осылайша, бұл топтың елдегі өзгерістерге сұраныс деңгейі бүкіл іріктеудегі респонденттерге қарағанда төмен және 2024 жылы «консервативті» студенттер (55,7%) 2021 жылмен салыстырғанда көбейе түскен.
Саяси қатысу және араласу деңгейі	Сауалнама нәтижелері студенттер үшін саяси қатысудың басым түрі – сайлауда дауыс беру екендігін көрсетті. Бұл ретте студенттердің нақты қатысу тәжірибесіне қатысты үрдістер іріктемедегі респонденттердің нәтижесімен жалпы ұқсас. Алайда, билікке тиімді ықпал етудің мүмкін болатын тәсілдерінің ауқымы студенттерде ересек жастағы басқа топтармен салыстырғанда біршама төмен. Мысалы, жалпы іріктемеге қарағанда студенттердің азаматтық мойынсұнбау әрекеттеріне қатысуы, бұқаралық ақпарат құралдарына жүгіну, сотқа талап түсіру, саяси партиялар мен кәсіподақтарға қатысуы сирек болып келеді. Осы кезекте, ерекше үрдіс – бұл студенттердің қоғамдық ұйымдарға қатысу мен жоғары тұрған билік органдарына жүгінуді тиімді деп есептеуі. «Саяси қызметке қатысуға дайынсыз ба?» деген сұраққа студенттердің жауаптары ел бойынша жалпы үрдісті қайталайды және белгілі бір дәрежеде апатияны көрсетеді. Алайда, студенттер арасында «қатысуға дайын емеспін, себебі бұл маған қызық емес» деген жауапты таңдағандардың үлесі сәл жоғары – 29%. Ұйым мүшесі болып табылатындар арасында студенттер, жалпы респонденттер жиынтығымен салыстырғанда, жиірек еріктілер қозғалысының қатысушысы болып табылады (44,4%).

Көрсетілген кестедегі студенттердің пікірлері: билікке әсер етудің тиімді жолдарын, саяси

қызметке қатысуға дайындығын төмендегі диаграммалар бейнелейді.



1-сурет – Студенттердің пікірінше билікке әсер етудің тиімді тәсілдері



2-сурет – Саяси қызметке қатысуға дайын болуы

Осылайша, студенттердің саяси және әлеуметтік үдерістерге қызығушылығы мен тартылуының жеткіліксіз деңгейінің себептерін түсіну маңызды. Бұл ретте аталған әлеуметтік топтың саяси әлеуметтенуі ерекше мәнге ие, себебі бұл азаматтық қоғамның болашақта қалай дамитынына тікелей әсер етеді. Сондықтан, саясаттануды оқыту мен тиімді педагогикалық әдістерді қолданудың студенттердің саясатты қабылдауына, олардың өзін-өзі анықтауы мен мінез-құлқына қалай ықпал ететіні туралы сұрақтар аса өзекті болып табылады.

Жалпы саясаттану курсы Қазақстандағы барлық ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарында, әдетте, бірінші немесе екінші курста, «Әлеуметтік-саяси білім модулі» ая-

сында өткізіледі. Бұл пәннің ерекшелігі – ол студенттерге теориялық және қолданбалы саясаттану бойынша білім беруге, аналитикалық қабілеттерді дамытуға, саяси ақпаратты түсіну, талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Саясаттану» пәні бойынша білім алуды аяқтаған студенттерге жүргізілген сауалнама осы курстың ықпалы туралы жалпы түсінік пен бағалауға мүмкіндік береді.

Университет деңгейінде жүргізілген онлайн-сауалнама нәтижелері бойынша, «Алдағы сайлауға қатысуды жоспарлайсыз ба» деген сұраққа студенттердің 68,2%-ы «иә» және «иә, мүмкін» деп жауап берді. Өз кезегінде, сайлауға қатысуды жоспарлап отырған студенттер ішінде

62,6%-ы «Саясаттану» курсының саясатқа қызығушылығына әсерін 5 балдық шкала бойынша «4» және «5» баллмен бағалаған.

Сауалнама, сондай-ақ, студенттердің саяси мінез-құлықтың өзге де түрлеріне қызығушылық танытатынын көрсетеді. Олардың ішінде келесідей формаларды атауға болады: студенттік ұйымдарға қатысу – 31,5%, онлайн-петицияларға қол қою – 26,5%, цифрлық белсенділік (қайта жариялау, ақпараттық науқандар, флеш-мобтар) – 26%, қоғамдық ұйымдарға қатысу

– 19,2%, саяси тақырыптардағы пікірсайыстар/дискуссияларға қатысу – 12,8%, еріктілік қызмет – 11,4%, мемлекеттік органдарға жүгіну – 5,9%, БАҚ-қа жүгіну – 5%, саяси партиялар қызметіне қатысу – 2,3%. Сонымен қатар, 31,6% студенттер ешқандай формадағы белсенділік түріне қатыспағандарын көрсеткен.

Бұдан кейін, біз студенттерге бірқатар тұжырымдарға қаншалықты келісетінін 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалауды ұсындық (мұндағы 1 – келіспеймін, 5 – толықтай келісемін).



3-сурет – Бағалаудың орташа көрсеткіші 1-ден 5-ке дейінгі шкала

Осылайша, студенттер өздерінің саяси өмірге бейімделу деңгейін қанағаттанарлық деп, 5 балдық шкалада 3-тен аса баллмен бағалаған.

Студенттердің басым бөлігі «Саясаттану» курсының олардың саясатқа деген қызығушылығына әсер еткенін атап өткен, бұл, өз кезегінде білім берудің оң нәтижесі болып табылады. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 71,8%-ы саясаттану сабағында өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігін 4 және 5 баллмен бағалаған. Сондай-ақ 78,2% студент оқытушының пікірталас пен аргументацияны ынталандыруын, ал 76,4% – курста қазіргі саяси өмірден алынған мысалдардың қолданылуын жоғары бағалаған. Бұның барлығы «Саясаттану» курсы туралы студенттердің оң көзқарастарын көрсетеді.

Сонымен қатар 59,3% студент курс азаматтық жауапкершілік туралы түсінігіне әсер еткенін (4 және 5 баллмен) атап өткен.

Студенттердің саяси өмірге қатысуға дайындық деңгейі де оң нәтижелер көрсетіп отыр.

Сауалнама бізге оқу үдерісінің басым бөлігі дәрістік форматта (69,4%) өтетіндігін, ал рөлдік ойындар, саяси жағдайларды модельдеу, пікірсайыстар және т.б. сияқты пікірталастық және симуляциялық әдістер әлдеқайда сирек қолданылатындығын көрсетті.

Бұл жағдай педагогикалық әдістер мен тәсілдердің әртүрлілігін пайдаланудың өзектілігін көрсетеді. Студенттердің пікірінше, дәстүрлі дәрістік тәсіл бір жағынан, студенттерге теориялық материалды меңгеруге, саяси үдерістерді түсінуге және саясат туралы танымын кеңейтуге көмектессе, екінші жағынан, интерактивті әдістердің жеткіліксіз қолданылуы олардың саяси қатысуына ықпал етудің тиімділігін төмендетеді.

Студенттердің саяси белсенділігі мен қызығушылығын арттыру үшін ең алдымен саяси қатысу дағдыларының тәжірибесіне назар аудару керек, яғни тәжірибе саяси жағдайларды модельдеуді талап етеді.

Ашық сұрақтарға жауап беру барысында студенттер курс барысында есте қалған жайттар мен оның өздеріне әсері туралы келесідей пікірлер білдірді: *«Саясатқа қызығушылығым артты, біздің мемлекетіміздің басқару жүйесін тереңірек зерттей бастадым», «Мен өз құқықтарым туралы көбірек біле бастадым», «Әлеуметтік мәселелер мен оларды шешу жолдарына қызығушылық таныттым», «Бәріміз, ең кем дегенде, саяси өмірге араласу мен азаматтық ұстанымға ие болудың маңыздылығы туралы ойлана бастадық», «Саясаттану курсы саясаттың тек «жоғарыдағы адамдардың ісі» емес, біздің күнделікті өмірімізбен тығыз байланысты екенін көрсетті. Азаматтық белсенділіктің қоғамды өзгертуге нақты ықпалы бар екенін түсіндім», «Оқытушының өмірден алынған мысалдарды жеңіл әрі нақты келтіргені есімде қалды, сол себепті тақырыпты түсіну әлдеқайда жеңіл болды».* Осылайша, студенттердің басым бөлігі «Саясаттану» курсының олардың саясат туралы хабардар болуына және көзқарастарының қалыптасуына айтарлықтай әсер еткенін атап өткен.

Студенттермен жүргізілген фокус-топтық талқылаулар

Фокус-топтық талқылаудың нәтижелері, интерактивті ортада білім алған студенттердің өздерін оқу үдерісінің белсенді қатысушылары ретінде жиі сезінгендігін және саяси тақырыптарға жоғары қызығушылық танытқандығын көрсетті.

Тиімді әдістердің бірі ретінде студенттердің саяси қатысуға деген тұрақты мотивтерін қалыптастыратын **симуляциялық оқытуды** атап өтуге болады. Дәл осы симуляциялық форматтар студенттерге саяси үдерістің белсенді қатысушысы болуға, абстрактілі түсініктен жеке тәжірибе арқылы қатысуды сезінуге мүмкіндік береді. Студенттер, симуляциялық ойындар (мысалы, сайлауды модельдеу, саяси жанжалды модельдеу) тақырыпқа терең бойлауға мүмкіндік беретіндігін атайды. *«Мұндай әдіс дәрісті тез әрі оңай меңгеруге көмектеседі», «Мен саясаткердің рөлін ойнағанда, позицияға терең*

үңілуге, аргументтерді дайындауға және пікірталасқа белсенді қатысуға тура келді. Біз саяси шешімдер қабылдау механизмдерін меңгердік. Бір жыл өтсе де біз дәл сол сабақты әлі күнге дейін есімізде сақтап қалдық», – деп, студенттер пікір білдірді.

Студенттер интерактивті әдістердің дағдыларын тәжірибелік тұрғыда дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтті және ойын, рөлдік және симуляциялық форматтардың қолданыс аясын кеңейтуді қалайтынын білдірді.

Сонымен қатар **пікірталастық формат** азаматтық қатысу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Студенттер сабақ барысында күрделі мәселелерді ашық талқылау және әртүрлі көзқарастарды тыңдау мүмкіндігі диалогқа келуге алғышарттар жасағанын айтты. *«Пікірталастар бізге аргументация дағдыларын меңгеруге көмектесті, бұл бүгінгі күні аса өзекті»,* – деп санайды олар.

Дәстүрлі дәрістік форматтар респонденттер тарапынан көбіне ресми деп қабылданады. Сұхбаттар барысында: *«Бізге оқытушы дәріс теориялық білім береді дейді. Бірақ аудиторияда 80-нен астам адам болса, сұрақ қою мен жауап алу қиынға соғады. Дәріс кезінде біз тек пассивті тыңдаушымыз»,* – деген жауаптар болды. Сонымен қатар, студенттер дәрістің қызықты өтуі көбіне оқытушының шеберлігіне, өмірлік мысалдарды қолдануына және еркін пікір білдіруге мүмкіндік беруіне байланысты екенін атап өтеді. Дәстүрлі дәріс кезінде студенттердің қабылдауы үшін оқытушының дауыс ырғағы мен вербалды емес қимылдары маңызды. Жағымды әсер ететін факторларға оқытушының жауапкершілігі мен кері байланыс орната білуі жатады.

Қорытындысында, біз, студенттер үшін оқу үдерісіндегі психологиялық ахуалдың маңызды фактор екенін анықтадық. Егер оқытушы аудиторияда сенім мен ашықтық кеңістігін құра алса, талқылау кезінде студенттер өз пікірлерін білдіруге дайын және болашақта университеттің, қаланың, елдің қоғамдық өміріне белсенді араласуға бейім болады.

2-кесте – Саяси белсенділікке әсерін тигізу ықтималдығы бойынша зерттеудегі оқыту әдістері

Оқыту формасы	Білім алу кезіндегі қызығушылықтың туындауы	Саяси қатысу дағдысы	Келешектегі саяси қатысуға күтілетін ықпалдар
Симуляциялық оқыту	Қатысу деңгейінің жоғарылығы, соның ішінде, эмоционалдық тартылу, шабыттану және рөлдік модель мен жағдайларды сезіну арқылы толық ену.	Саяси қатысуды, командалық жұмысты «тәжірибелік түрде жүзеге асыру» мүмкіндігі. Студенттің белгілі бір рөлді сомдауы стратегиялық ойлаудың қалыптасуына және азамат ретіндегі маңыздылығын сезінуіне ықпал етеді.	Саяси өмірге деген қызығушылық артады. Қатысу мен шешім қабылдау тәжірибесі арқылы жүзеге асатындықтан материалды меңгеру ұзақ мерзімді әсерге ие. Бұл болашақта саяси қатысудың әртүрлі түрлерін қолдануға ықпал етеді.
Пікірталастық формат	Пікірлерді еркін білдіруге мүмкіндік болған жағдайда қызығушылық деңгейі жоғары болады, бұл көбінесе студенттердің өзекті әрі қызықты тақырыптарды талқылауға ұмтылуымен байланысты.	Диалог құру сыни ойлауды, көпшілік алдында сөйлеу және пікірсайыстарға қатысу дағдыларын, сондай-ақ өз көзқарасын білдіру, оны дәлелдеу және негіздеу қабілетін дамытады.	Азаматтық мәдениетті, өзге пікірлерге деген төзімділікті қалыптастырады. Конструктивті коммуникация формаларын қолдануға, әлеуметтік байланыстар орнатуға, сондай-ақ болашақта қоғамдық кеңістікке тартылуға ықпал етеді.
Дәстүрлі формат	Студенттердің оқу үдерісіне тартылу деңгейі оқытушының аудиторияны қызықтыра білу қабілетіне байланысты. Қатысу деңгейінің жоғары болуы, көбіне, кері байланысты тиімді ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі.	Материалды теориялық тұрғыдан меңгеру, хабардарлық пен ақпараттылық деңгейінің артуы, оқытушының тәжірибесіне мән беру мен оны қабылдау, сонымен қатар, жеке рефлексияға мүмкіндік беретін кеңістік қалыптасады.	Теориялық білімді меңгеру. Болашақтағы саяси қатысу дәрістердің сапасына, олардың студенттер үшін түсініктілігіне, сабақ барысында өзекті әрі қызықты кейстердің келтірілуіне, сондай-ақ студенттердің бастапқы мотивациясы мен жеке қабылдауына байланысты болады.

Осылайша, зерттеу барысында алынған деректер саяси білім берудің тәжірибелік бағыты бар әдістерінің студенттердің саяси қатысуына дәстүрлі әдістерге қарағанда анағұрлым күшті әсер ететіндігін растайды.

Жалпы, фокус-топтық талқылауларда студенттер курсқа жоғары баға беріп, оқытушыларды жоғары деңгейде сипаттады, әсіресе, курстың түсінікті және қызықты түсіндірілуін, сабақ барысында өзекті мысалдардың (кейстердің) қолданылуын ерекше атап өтті. Студенттер «Саясаттану» курсы сыни ойлау мен саналылықты дамытады деп есептейді, себебі курс барысында әртүрлі мәселелер көтеріліп, оларды ойланып, талқылауға ынталандырады.

Қорытынды

Зерттеудің алдына қойған негізгі мақсатына қол жеткізілді, яғни «Саясаттану» пәнінің студенттердің болашақ өміріндегі саяси мінез-құлқына әсер ету әдістерінің тиімділігі анықталды. «Саясаттану» пәнін оқыту форматы студенттер-

дің саяси қатысуына айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Ең тиімді әдістер ретінде симуляциялық және пікірталастық форматтар танылды, ал бір жақты білім беру саяси тартылу мен субъектілікті қалыптастыруға азырақ ықпал етеді.

Зерттеу нәтижесінде гипотеза расталды. Яғни, саясаттануды оқытудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану оқытудың тек дәстүрлі түрлерін қолдануға қарағанда, болашақта жастардың саяси өмірге белсенді араласуына ықпал етеді. Аталмыш жұмыстағы зерттеу сұрақтарына келесідей жауаптар алдық:

- интерактивті оқыту әдістері студенттер арасында саяси қатысудың жоғары деңгейіне ықпал етеді;
- саяси қатысу формалары оқыту әдістеріне байланысты;
- саясаттануды оқытудың симуляциялық, пікірталастық әдістері жастардың саяси субъектілігіне көбірек әсер етеді.

Сонымен қатар, студенттердің цифрлық белсенділігін дамытуға назар аудару қажет. Мысалы, цифрлық активизм сияқты қатысудың жаңа

формасы негізінен дискуссиялық және симуляциялық әдістерді қолданатын студенттер арасында анағұрлым жоғары. Сенім деңгейі мен саяси белсенділік те шынайы немесе модельделген саяси үдерістермен белсенді араласатын топтарда жоғары болды.

Осыған байланысты оқытушылар студенттердің белсенді қатысушысы болатын жаңа оқыту модельдерін әзірлеуі тиіс. Курс мазмұнын үнемі жаңартып, оны әлем мен елдегі ағымдағы саяси оқиғалармен байланыстыру қажет. Сонымен қатар, «Саясаттану» пәнін оқитын әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктері ескеріле отырып, соған сәйкес тапсырмаларды әзірлеуді ұсынамыз. Мысалы, Халықаралық қатынастар факультеті мамандықтары үшін «Елдер арасындағы келіссөздер», «БҰҰ моделі» және т.б., Медицина факультеті мамандықтары үшін «Денсаулық сақтау жүйесін реформалау бойынша қоғамдық тыңдалым» ұйымдастыру және

т.б., География факультеті мамандықтары үшін «Зауытты экологиялық тәуекелі бар аймақта салу бойынша қоғамдық тыңдалым» ұйымдастыру және т.б., Журналистика факультеті мамандықтары үшін «Сайлауалды дебат», «Сайлауалды пресс-конференция» және т.б.

«Саясаттану» пәнін оқытудағы мұндай жүйелі тәсіл жастардың саяси мәдениетін арттыруға, саяси оқиғаларды дұрыс қабылдауға және елдің саяси өміріндегі белсенділікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеуді қаржыландыру көзі

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР23488744 «Қазақстандағы саяси қатысу: динамикасы және кеңейту мүмкіндіктері» атты гранттық ғылыми жобасы аясында жүзеге асырылды.

Әдебиеттер

1. Algozhaeva, N., & Zhumabekova, K. (2021). Technologies of formation of teachers' readiness for innovative activity. *Journal of Educational Sciences*, 67(2), 4–10. <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.01>
2. Beaumont, E., Colby, A., Ehrlich, T., & Torney-Purta, J. (2006). Promoting Political Competence and Engagement in College Students: An Empirical Study. *Journal of Political Science Education*, 2(3), 249–270. <https://doi.org/10.1080/15512160600840467>
3. Campbell, D. E. (2013). Social networks and political participation. *Annual Review of Political Science*, 16(1), 33–48.
4. Cho, S. (2010). Politics of Critical Pedagogy and New Social Movements. *Educational Philosophy and Theory*, 42(3), 310–325. <https://doi.org/10.1111/j.1469-5812.2008.00415.x>
5. Jemna, D. V., & Curelaru, M. (2010). Values and Students? Political Participation. *Journal for the Study of Religions and Ideologies*, 8(24), 168–188.
6. Kam, C. D., & Palmer, C. L. (2008). Reconsidering the effects of education on political participation. *The Journal of Politics*, 70(3), 612–631.
7. Kataev, N., & Yerkinzy, A. (2021). Эффективность цифровых образовательных технологий в организации процесса обучения. Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки», 67(2), 71–80. <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.08>
8. Kellner, D., & Kim, G. (2010). YouTube, Critical Pedagogy, and Media Activism. *Review of Education, Pedagogy, and Cultural Studies*, 32(1), 3–36. <https://doi.org/10.1080/10714410903482658>
9. Kirbiš, A., Flere, S., Friš, D., Krajnc, M. T., & Cupar, T. (2017). Predictors of Conventional, Protest, and Civic Participation among Slovenian Youth: A Test of the Civic Voluntarism Model. *International Journal of Sociology*, 47(3), 182–207. <https://doi.org/10.1080/00207659.2017.1335518>
10. Langton, K. P., & Jennings, M. K. (1968). Political Socialization and the High School Civics Curriculum in the United States. *American Political Science Review*, 62(3), 852–867. doi:10.2307/1953435
11. Levy, B. L., & Akiva, T. (2019). Motivating political participation among youth: An analysis of factors related to adolescents' political engagement. *Political Psychology*, 40(5), 1039–1055.
12. Lopes, J., Benton, T., & Cleaver, E. (2009). Young people's intended civic and political participation: does education matter? *Journal of youth studies*, 12(1), 1–20.
13. Manning, N., & Edwards, K. (2014). Does civic education for young people increase political participation? A systematic review. *Educational review*, 66(1), 22–45.
14. Sadykova A., Mynbayeva, M., Ismailova, G., Iskakova M., & Nurtazina, Z. (2024). Formation of students' skills in analyzing information graphs through constructive feedback. *Journal of Educational Sciences*, 80(3), 152–162. <https://doi.org/10.26577/JES2024v80.i3.012>
15. Solhaug, T. (2006). Knowledge and self-efficacy as predictors of political participation and civic attitudes: With relevance for educational practice. *Policy futures in education*, 4(3), 265–278.
16. Teney, C., & Hanquinet, L. (2012). High political participation, high social capital? A relational analysis of youth social capital and political participation. *Social science research*, 41(5), 1213–1226.

17. Thomas, N. C. (1977). Student Politics in America: A Historical Analysis. By Philip G. Altbach. (New York: McGraw Hill Book Co., 1974. Pp. 249. \$6.95, cloth; \$3.95, paper.). American Political Science Review, 71(2), 679–680. doi:10.2307/1978398
18. Weiss, J. (2020). What is youth political participation? Literature review on youth political participation and political attitudes. *Frontiers in Political Science*, 2, 1.
19. Willeck, C., & Mendelberg, T. (2022). Education and political participation. *Annual Review of Political Science*, 25(1), 89–110.
20. Yang, H. C., & DeHart, J. L. (2016). Social media use and online political participation among college students during the US election 2012. *Social Media+ Society*, 2(1), 2056305115623802.
21. Zaheer, L. (2016). Use of social media and political participation among university students. *Pakistan Vision*, 17(1), 278–299.
22. Мынбаева, А. (2022). От классической педагогики к Образованию 4.0: преемственность методологии, подходов и принципов. *Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки»*, 71(2), 13–25. <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v71.i2.02>
23. Насимова, Г. О., Сейсебаева, Р. Б., & Насимов, М. О. (2012). Инновации и традиции в подготовке политологов. В *Педагогическое мастерство (II): материалы международной заочной научной конференции* (Москва, декабрь 2012) (с. viii, 276). Москва: Буки-Веди.
24. Насимова, Г. О., Сейсебаева, Р. Б., & Насимов, М. О. (2013). Подготовка специалистов-политологов в современных условиях. *Молодой ученый*, 4(51), 432–434.
25. Насимова, Г. О., Балапанова, А. С., Мусатаев, С. Ш., Саитова, Н. А., Ким, Л. М., Мухитденова, А. Т., Степанов, А. В., Кенесов, А. А., & Халикова, Ш. Б. (2013). *Инновационные технологии в преподавании политических дисциплин: учебно-методическое пособие* (под ред. Г. О. Насимовой). Алматы: Қазақ университети.

References

- Algozhaeva, N., & Zhumabekova, K. (2021). Technologies of formation of teachers' readiness for innovative activity. *Journal of Educational Sciences*, 67(2), 4–10. <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.01>
- Beaumont, E., Colby, A., Ehrlich, T., & Torney-Purta, J. (2006). Promoting Political Competence and Engagement in College Students: An Empirical Study. *Journal of Political Science Education*, 2(3), 249–270. <https://doi.org/10.1080/15512160600840467>
- Campbell, D. E. (2013). Social networks and political participation. *Annual Review of Political Science*, 16(1), 33–48.
- Cho, S. (2010). Politics of Critical Pedagogy and New Social Movements. *Educational Philosophy and Theory*, 42(3), 310–325. <https://doi.org/10.1111/j.1469-5812.2008.00415.x>
- Jemna, D. V., & Curelaru, M. (2010). Values and Students? Political Participation. *Journal for the Study of Religions and Ideologies*, 8(24), 168–188.
- Kam, C. D., & Palmer, C. L. (2008). Reconsidering the effects of education on political participation. *The Journal of Politics*, 70(3), 612–631.
- Kataev, N., & Yerkinkyzy, A. (2021). Эффективность цифровых образовательных технологий в организации процесса обучения. *Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки»*, 67(2), 71–80. <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v67.i2.08>
- Kellner, D., & Kim, G. (2010). YouTube, Critical Pedagogy, and Media Activism. *Review of Education, Pedagogy, and Cultural Studies*, 32(1), 3–36. <https://doi.org/10.1080/10714410903482658>
- Kirbiš, A., Flere, S., Friš, D., Krajnc, M. T., & Cupar, T. (2017). Predictors of Conventional, Protest, and Civic Participation among Slovenian Youth: A Test of the Civic Voluntarism Model. *International Journal of Sociology*, 47(3), 182–207. <https://doi.org/10.1080/00207659.2017.1335518>
- Langton, K. P., & Jennings, M. K. (1968). Political Socialization and the High School Civics Curriculum in the United States. *American Political Science Review*, 62(3), 852–867. doi:10.2307/1953435
- Levy, B. L., & Akiva, T. (2019). Motivating political participation among youth: An analysis of factors related to adolescents' political engagement. *Political Psychology*, 40(5), 1039–1055.
- Lopes, J., Benton, T., & Cleaver, E. (2009). Young people's intended civic and political participation: does education matter? *Journal of youth studies*, 12(1), 1–20.
- Manning, N., & Edwards, K. (2014). Does civic education for young people increase political participation? A systematic review. *Educational review*, 66(1), 22–45.
- Sadykova A., Mynbayeva, M., Ismailova, G., Iskakova M., & Nurtazina, Z. (2024). Formation of students' skills in analyzing information graphs through constructive feedback. *Journal of Educational Sciences*, 80(3), 152–162. <https://doi.org/10.26577/JES2024v80.i3.012>
- Solhaug, T. (2006). Knowledge and self-efficacy as predictors of political participation and civic attitudes: With relevance for educational practice. *Policy futures in education*, 4(3), 265–278.
- Teney, C., & Hanquinet, L. (2012). High political participation, high social capital? A relational analysis of youth social capital and political participation. *Social science research*, 41(5), 1213–1226.
- Thomas, N. C. (1977). Student Politics in America: A Historical Analysis. By Philip G. Altbach. (New York: McGraw Hill Book Co., 1974. Pp. 249. \$6.95, cloth; \$3.95, paper.). American Political Science Review, 71(2), 679–680. doi:10.2307/1978398
- Weiss, J. (2020). What is youth political participation? Literature review on youth political participation and political attitudes. *Frontiers in Political Science*, 2, 1.
- Willeck, C., & Mendelberg, T. (2022). Education and political participation. *Annual Review of Political Science*, 25(1), 89–110.

Yang, H. C., & DeHart, J. L. (2016). Social media use and online political participation among college students during the US election 2012. *Social Media+ Society*, 2(1), 2056305115623802.

Zaheer, L. (2016). Use of social media and political participation among university students. *Pakistan Vision*, 17(1), 278-299

Мынбаева, А. (2022). От классической педагогики к Образованию 4.0: Преемственность методологии, подходов и принципов [From classical pedagogy to Education 4.0: Continuity of methodology, approaches and principles]. *Vestnik KazNU. Seriya «Pedagogicheskie nauki»*, 71(2), 13–25. <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v71.i2.02> (in Russian)

Nasimova, G. O., Seisebaeva, R. B., & Nasimov, M. O. (2012). Innovatsii i traditsii v podgotovke politologov [Innovations and traditions in the training of political scientists]. In *Pedagogicheskoe masterstvo (II): Materialy mezhdunarodnoi zaochnoi nauchnoi konferentsii (Moskva, dekabr' 2012)* (pp. viii, 276). Moskva: Buki-Vedi. (in Russian)

Nasimova, G. O., Seisebaeva, R. B., & Nasimov, M. O. (2013). Podgotovka spetsialistov-politologov v sovremennykh usloviyakh [Training political science specialists in modern conditions]. *Molodoi uchenyi*, 4(51), 432–434. (in Russian)

Nasimova, G. O., Balapanova, A. S., Musataev, S. Sh., Saitova, N. A., Kim, L. M., Mukhitdenova, A. T., Stepanov, A. V., Kenesov, A. A., & Khalikova, Sh. B. (2013). *Innovatsionnye tekhnologii v prepodavanii politicheskikh distsiplin: Uchebno-metodicheskoe posobie* [Innovative technologies in teaching political disciplines: Teaching manual] (G. O. Nasimova, Ed.). Almaty: Qazaq universiteti. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Насимова Гүлнар Өрленбайқызы – саяси ғылымдар докторы, профессор, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: gulnar.nasimova@kaznu.kz)

Жунусова Айгерім Қайратқызы – постдокторант, саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: zhunusova.aigerim.polit@gmail.com)

Басығариева Жұлдыз Аманқұлқызы – саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: zh.bassygariyeva@gmail.com)

Бузуртанова Марем Магомедовна – саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының аға оқытушы (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: marem_buzurtanova@hotmail.com)

Сведения об авторах:

Насимова Гульнар Орленбаевна – доктор политических наук, профессор, заведующая кафедрой политологии и политических технологий, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnar.nasimova@kaznu.kz);

Жунусова Айгерим Кайратовна – постдокторант, старший преподаватель кафедры политологии и политических технологий, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zhunusova.aigerim.polit@gmail.com);

Басығариева Жулдыз Аманқұловна – старший преподаватель кафедры политологии и политических технологий, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zh.bassygariyeva@gmail.com);

Бузуртанова Марем Магомедовна – старший преподаватель кафедры политологии и политических технологий, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: marem_buzurtanova@hotmail.com).

Information about authors:

Nasimova Gulnar – Doctor of Political Science, Professor, Head of the Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnar.nasimova@kaznu.kz)

Zhunusova Aigerim – Postdoctoral fellow, Senior Lecturer at the Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhunusova.aigerim.polit@gmail.com)

Bassygariyeva Zhuldyz – Senior Lecturer, Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zh.bassygariyeva@gmail.com)

Buzurtanova Marem – Senior Lecturer at the Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: marem_buzurtanova@hotmail.com)

Келін түсті 29.05.2025

Қабылданды 20.09.2025